

2015 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 458 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қаңтарда № 5304 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі
б е л г і л е н с і н :

жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша
кәсіптік қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын аяқтаған жұмыссыздар;
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде
тіркелген елу жастан асқан адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З.А.
Б а й м е н о в а ға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Қ. Ахметов